

# Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## «АЛТЫН АДАМ» ДЕП ЖҮРГЕНІМІЗ КІМ?



Бұл өзі сонау 1963 жылдары Есіктегі су тасқынынан шайылған қорғаннан кездейсоқ табылған олжа болатын. Сонымен, кезінде бүкіл әлемде қазақтың атын аспандатып, рухын шаттандырған керемет тосын жаңалық – ұлт мақтанышы, көрерменнің көзайымына айналған сол алтынға малынған асыл бекзатымыз кім болып шықты? Осы

қорғанды 1969 – 1971 жылдары ашып, зерттеумен толық айналысқан археолог-тарихшы К. Ақышев былай дейді: «По сравнительным формально-типологическим данным курган Иссык может быть датирован V–IV в.в. до н.э. По определению антрополога в возрасте 16 – 18 лет» (Ақышев, Алматы, 1978 г. стр. 39). Ал Байпақовтың пікірі былайша өрбиді: «Захоронение в кургане Иссык датируется концом IV – начало III - в.в. до н.э. захоронному в кургане было 17 – 18 лет». (Байпаков, Алматы, 2006 г. стр.168).

Уақыт айырмашылығы екі ғасыр. Тап басып айту жоқ.

«Тек адам сүйектерінің антропологиялық тұрғыдан толық зерттелмеуі салдарынан сан сұраққа нақты жауап алынбауда. Жерленген адам 18-25 жас мөлшерінде деп болжайды» (Есік. Алматы, 2011 ж. 19 бет.). Міне, Алтын адамымыз жөніндегі бар тұжырым осымен шектеледі. Бұл өңірде б.з.б. қандай беделді ұлыс немесе мемлекет мекен етті, ертедегі Қытай жазба деректеріне үңілер болсақ, б.з.б. Іле бойында, жалпы, Жетісу өңірінде үйсіндерден басқа іргелі мемлекет болды деген дерек жоқ. Олай болса арғы дәуірдегі V – III ғ.ғ. сақ деп жүргеніміз нағыз қазақ ханзадасы емес пе? Осы маңайдағы ұлыстардың түсін түстеп, қоныстарын түгендеп шыққан ежелгі Қытай тарихшылары Есікті орталық астанасы еткен құдіретті ұлы мемлекет үйсіндер ұлысы екендігін жазады. Үйсіндер осы өңірге келіп орныққан соң өркен жайып гүлденеді де, ұлан-байтақ өңірде қуатты да құдіретті мемлекет құрады. «Үйсін күнму Елжау би үздік шыққан көсем, қажырлы қаһарман, соғыс өнеріне шебер, асқан ақыл-парасатты адам еді» (Көне қазақ тарихы. Алматы, 1993 ж. 68 б.).

Үйсіндердің гүлдену, өрлеу шағы да арғы мыңжылдықтың II – I ғ.ғ. болатын «Алтын, күміс асыл тастардан жасалған әшекей бұйымдар Үйсін мемлекетінің, қазақ халқының мәдениетінің өте жоғары болғанын көрсетеді» (К.Ақышев, Алматы, 1993 ж. 68 б.). Сөйте тұра, неліктен К.Ақышев бұл қорғандағы Алтын адам ханзаданы сонау сақтарға апарып телиді?

Қытай деректері үйсіндердің күшейген кезін былайша баяндайды. «Үйсіндер батыс өңірдегі ең құдіретті мемлекет, оларда 120 мың түтін 188,8 мың саламатты әскері» болған. Елжау бидің 10 ұлы болған, соның тақ мұрагері етіп белгілеген тұңғыш баласы жас шағында, 22 жасында қайтыс болады. Елжау атамыз 5 әйелінен 23 бала көріп, соның оны тіреп тұра қалыпты... (Қазақ тарихынан. Алматы, 1997 ж. 42 б.).

Мұны Бан Гу «Батыс өңірі және Үйсін мемлекеті» кітабында (Үрімжі, 1987 ж.) дәлелдейді. «Елжау бидің екінші баласы «Дәру (Дулы) аса қабілетті әрі қолбасылыққа шебер еді» делінген онда. Бірақ Елжау тақ мұрагеріне осы баласын бекітпей, қайтыс болған баласының ұлы Жөншіні тағайындайды. Соған қарағанда қайтыс болған үлкен баласы әкенің зор құрметі мен сүйіспеншілігіне бөленген деуге болады. К.Ақышевтің зерттеулерін әрі қарай талдап көрелік: «Кости животных – остатки мясной пищи, столь обязательные почти для всех раскопанных в этом регионе захоронений сакского времени – не обнаружены ни в одном из сосудов. Всего в могиле находилось тридцать один сосуд».

Ертедегі сақтардың жерлеу рәсімдерінде міндетті түрде арғы дүниеде ішіп-жейді деген ұғым бойынша қыш құмыра ыдыстарға ет тағамдарына арнап, кейде белгілі тұлғаларға арнап қойдың бүтіндей жамбас етін салатын болған. Бұл рәсім мұнда сақталмаған. Сақ – ғұн – үйсіндерден басқа бұл өңірде басқа ірі ұлыстар өмір сүрмегені белгілі. Ғұндардың жерлеу ғұрыптары тіптен басқаша: «Китайская летопись гласит: за телом гунного вождя следовало большое число рабов, которые обслуживали его как живого» (Ә.Марғұлан. Алматы, 2012, стр. 35).

Ал үйсіндердің жерлеу ғұрыптары бойынша да арғы дүниеде өмір жалғасады, ішіп-жейді деген ұғым болған. Бірақ ет тағамдары емес, жеңіл тамақ, сусындар қыш құмыраға толтырылып бірге көмілген. Ханзаданың қабірінен табылған 31 қыш құмыра, 4 күміс тостағандарда тек сусындар мен жеңіл тамақтар қалдықтары болған. Демек, ғұндар мен сақтардың жерлеу дәстүріне келіп тұрған жоқ. Олай болса, ол неліктен сақтарға апарып телініп отыр? Мұндағы жерленген сақ бекзадасы емес. Екінші, ханзаданың мүрдесінен 15

м. аралықта тағы бір көсемнің қатар қойылуы нені аңғартады? Жалпы, дәстүр бойынша әрбір тұлға дара көмілуі керек. Басындағы қорғанда жеке болуы керек. Ал мұнда екі тұлғаның бір қорғанда жатуы қалай? Жас ханзаданың әуел баста тұрғызылған қорғаны жеке болған. Кейін екінші тұлғаны жерлегеннен кейін біріктіріп үлкен қорған тұрғызған. Қорғанның ауданы 60 x 60, биіктігі 6 м., жалпы аумағы 8300 м3.

«Нахождение обеих могил под одной насыпью свидетельствует о том, что захороненные в них из одной семьи были в близких родственных отношениях» (К.Ақышев, Алматы, 1978 г. стр. 6).

Біздің айтпағымыз да осы, бір қорғанның астында қатар жатқан қазақтың ұлы тұлғасы Елжау би мен оның тақ мұрагері, өмірден тым ерте өткен аяулы ұлының мүрдесі. «Оба захоронения совершены в пределах одного столетия. Бесспорно, это в основной, то есть центральной могиле мог быть захоронен человек общественно более значимый, чем погребенный в боковой могиле» (К.Ақышев, Алматы, 1978 г. стр. 6).

Ақышевтің бұл пікірімен толық келісуге болады.

Арада 30-35 жыл өткеннен кейін Елжау би дүниеден өтерде, өзін баласының қасына жерлеуді өсиет етіп, екеуіне үлкен бір қорған тұрғызуды аманат етіп кеткен секілді. Ортадағы мүрдедегі жерленген адам біздің болжамымыз бойынша алғашқы қазақтың дара көсем тұлғаларының бірі Елжау би. Оның бүкіл үйсіндер арасында қандай беделге ие болғаны жөнінде тарихтан белгілі. Өкініштісі, төңірегіндегі қорғандарды тұтас тонаған тонаушылардан ұлы тұлғаның мүрдесі де аман қалмаған. Біз сөз етіп отырған жас ханзаданың бейітінен басқа осы маңайдағы ірілі-уақты 40-тан астам қорғандардан тонамай аман қалғаны жоқ. Суық қолдардан алдын ала сақтандыруды кеменгер әке ойластырған тәрізді. Екі қорғанды біріктіріп бір қорған жасау арқасында тонаушылар адасып, сүйікті баласының мүрдесі сол қалпында 22 ғасыр өтсе де, мұрты бұзылмай қазіргі ұрпақтарына жетіп отыр. Оның үстіне Елжау би өте киелі рухты адам болған. Ол жөнінде қытай тарихшыларында мынадай дерек бар. «Хунны убили отца его в сражении, а Гуньмо (Кунби) только родившийся, брошен был в поле. Птицы склевали насекомых с его тела, волчица приходила кормить его своим молоком» (Бичурин, Алматы, 1997 г. стр. 63), мүмкін киелі әкенің күшті рухының жебегені де болар.

«На пальцах рук сак из кургана Иссык носил два массивных золотых перстня, один из них перстень – печать с изображением головы человека в профиль в пышном головном уборе» (Байпаков, 2006 г. стр. 159).

Сол қолындағы «массивный перстень» ырым-жырымның бірі болар, ал оң қолындағы «массивный перстень – печать» нені меңзейді? Арғы мыңжылдықта қытайлардан басқа бірде-бір Жетісу алқабын жайлаған үйсіндерден басқа «мөр» пайдаланған деген дерек жоқ.

«В одном кургане могильника Караша обнаружена глиняная печать с рельефным узором – редкая находка, указывающая, как и печать и Талгарского могильника, на распространение в то время обычая метить личную собственность, (Байпаков, Алматы, 2006 г. стр. 159). Мұндағы Қараша деп отырған Тараз қаласынан 40 шақырым шығыста орналасқан әйгілі Ақыртас ғимаратының іргесіндегі бұлақтың аты. Осы төңіректе археолог Максимова бастаған экспедиция 1971-1975 жылдары зерттеу-қазба жұмыстарын жүргізген. «Большой интерес представляет находка глиняного штампа или печать в области пояса погребного, о наличии печатей Усуней упоминается и в восточных источниках» (Максимова, Алматы, 1975 г.).

Бұл деректі белгілі шығыстанушы – аудармашы Бичурин да қуаттайды.

«Высшим чиновником Усунским дань золотые печати с пурпурными шнурами дабы придать важность и силу Большому Гунму (Бичурин, Алматы, 1997 г. стр. 109).

Ханзаданың оң қолындағы алтын жүзіктің мөр екенінде талас жоқ.

«Перстень печать, вогнутое изображение человеческой головы, на голове девятью изогнутыми выдавливанием изображен причудливый головной убор или пышная прическа» (Ақышев, Алматы, 1978 г. стр. 40).

Мұндағы «причудливый головной убор» да «пышная прическа» да емес, ол тіпті бас киім емес. Мөрдегі адам суреті осы ханзаданың жеке басының өзінің бейнесі болуы да мүмкін. «Гунмо (қытайша) күнби – ежелгі үйсіндердің б.з.б. II – I ғ.ғ. бастап жоғарғы билеушісінің лауазымы» (Қазақ қысқаша тарихы, Үрімжі, 1987 ж.).

Күнби – күн астындағы би немесе билік жүргізуші деген мағынада. Күн астындағы – Күнікей қыз деген аңыз әңгімелер халық есінде болар. Ал мөрдегі күн бейнесінің шапағы бас киімнің орнына өрнектеп көрсетілуі оның күнби Елжаудың тақ мұрагерінің тегін анықтайтын айрықша белгі, сондықтан оның басындағы бас киімі емес, күн шапағы бейнеленген.

Жалпы, Елжау бидің орталығы екі ставкасы болғаны белгілі, соның бірі Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауында орналасқан. «Үйсіндер Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауындағы өңірді қамтиды. Ол жерде Елжау бидің Іледен кейінгі екінші ставкасы болды, оның астанасы Чи – Гу қаласы еді» (Қазақтың көне тарихы, Алматы, 1993 ж. 67 б.).

Сол Ыстықкөлдің аузында ертедегі Барсқауын қаласы болғаны араб географтары Ибн Хордадбек пен Ибн Жапардың жазба деректерінен мәлім. Осы Барсқауын қаласынан 1970 ж. қырғыз археологі Б.Мокрынин бірнеше жүз күмістен, қоладан жасалынған әшекей зергерлік бұйымдар табады.

«Это случайная находка, насчитывающая около ста предметов, происходит также в Семиречье из окрестностей села Барскауна на южном берегу озера Иссыккуль. Художественные образы, стиль и техника исполнения изделий повторяют стиль и технику иссыкских украшений (Акышев, Алматы, 1979 г. стр. 6).

«Гұндар мен үйсіндердің алтын-күміс, қоладан жасаған көп бұйымдар табылатын жері Жетісу, Алматы қаласының төңірегі» (Ә.Марғұлан, Алматы, 1997 ж. 176 б.).

«Прекрасным образцом древнеусуньского и ювелирного искусства является знаменитая «каргалинская» диадема» (Акышев, Алматы, 1979 г. стр. 2).

Каргалинский клад содержал серию изделий из золота, анализ сюжета каргалинской диадемы, принадлежавшей усуням и датированный II в. до н. э. (Байпаков, Алматы, 2006 г. стр. 168).

Енді осы Қарқаралыда табылған әйел сәукелесінің (диадема) сюжетіне қараңыз.

Бірінші: қолына қамшы ұстаған бозбала белгісіз қанатты құбыжық жануардың үстінде төңірегінде мереке басталғанын хабарлап шауып келеді.

Екінші: тақ үстінде тұрған қанатты жылқы. Жылқыны болса да піріндей сыйлаудағы оған көрсеткен ерекше құрмет.

Үшінші: жылқы үстіндегі салт жігіт айналасына қолын сермеп хабарлар жеткізуде.

Төртінші: ат үстіндегі той бастар жігіт аузында қамыстан жасалған сыбызғы-сырнайы, қолдарымен би өрнектерін көрсетіп билеп келеді. Жоғарыда ұшып жүрген құстар жердегі мәз-мейрам болған хайуан дар кейпіндегі қуаныштарға қарағанда наурыз – мұнда табиғат мерекесінің бір сәті бейнеленген. Осыларды сараптай келе айтарымыз, Есіктегі, сонау Ыстықкөлдегі, Қарқаралыдан табылған зергерлік бұйымдар жасаудағы қолөнер шеберлерінің кәсіби деңгейі, ондағы сюжет сомдаудағы үйлесімділік, техникалық амалдары өте ұқсас. Сонымен, Жетісу алқабын тұтас жайлаған үйсіндердің ұлан-байтақ өңірінде кен өндіру, металл өңдеу, одан жоғарыда айтылған небір көркем, әсем әшекей жәдігерлер жасау, байлығы шалқыған, өркениеті дамыған үйсіндердің алтын ғасыры б.з. бұрынғы II ғасырға келіп тіреледі. Олай болса, тұла бойы тұтас алтынмен апталып, сән-салтанатпен жерленген, бүгінге дейін айтылып келе жатқан б.д.б. V-III ғасырдағы сақ ханзадасы емес, сол дәуірдің II ғасырындағы сақтардың ұлыстарға ыдыраған шағында қазақтың тұңғыш дербес мемлекетінің іргесін қалаған үйсіннің ұлы тұлғасы Елжау бидің 22 жасында дүниеден өткен баласы – тақ мұрагері, қазақ-үйсін ханзадасы демекпіз. Алтынға оранған адам төңірегіндегі ақиқат пен шындық осы. Барымызды болдыра алмай, тура тартпай, бұра тартып жүрген өзіміз.

Қалмақан ШЕКЕЕВ өлкетанушы.